

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы  
Көкшетау қаласының «Zerek» бөбекжайы МКҚК»

Ата аналарға кеңес  
« Дыбыстарды айтуға арналған ойындар  
және олардың айырмашылығы»

логопед

Дайындаған: Мұғалім-  
Галимова Б.Х.



## **Құрметті ата-аналар!**

Бала тілінің дамуы – оның жалпы дамуының маңызды бөлігі. Дыбыстарды дұрыс айту қабілеті баланың сөйлеуіне, оқуға, жазуға, және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына үлкен әсер етеді. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйретудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – ойындар арқылы дамыту. Төменде сіздерге дыбыстарды айтуға арналған ойындар мен олардың ерекшеліктері туралы кеңестер ұсынылады.



### “АТ ШАУЫП КЕЛЕДІ”



Күзеті, ауызшығың ашым,  
тілің ұшы төбегің  
аырып, тақылданыс.



### “БАҚА”



Аузымызды ашып, күзеті,  
тістерімізді көрсетеміз

Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған ойындар

1.1. Артикуляциялық ойындар

Бұл ойындар баланың сөйлеу аппаратының (тіл, ерін, жақ) бұлшықеттерін дамытуға бағытталған.

Мысалдар: «Тіл гимнастикасы»:

«Ат шабады» – баланы тілді тістің артқы жағына соғуға үйрету.

«Жылан» – тілдің ұшын шығарып, ұстап тұру.

«Үрмелі аспаптар» – баланы ернін алға шығарып, «п, б» дыбыстарын айтуға дағдыландыру.





### **Еліктеу ойындары**

Бұл ойындар дыбыстарды дұрыс айтуды еліктеу арқылы үйретеді.

Мысалдар: «Жануарлар дауысы»: бала мысықтың мияулауын, иттің үргенін, құстардың сайрауын қайталайды.

«Кімнің дауысы?»: ата-ана кезекпен дыбыс шығарып, баланы сол дыбысты қайталауға шақырады.

### **1.3. Фонематикалық естуді дамыту ойындары**

Бұл ойындар дыбыстарды ажыратуға және тануға көмектеседі

Мысалдар: «Дыбысты тап»: бала атаған сөзден берілген дыбысты табады (мысалы: «Б» әрпі бар сөздер).

«Дыбыстарды тыңда»: әртүрлі дыбыстарды тыңдап, олардың арасындағы айырмашылықты анықтау.





## Сөздік ойындар

Бұл ойындар баланың сөздік қорын және дыбыстарды дұрыс айту қабілетін кеңейтеді.

Мысалдар: «Жасырын сөз»: баладан дыбыстар арқылы сөзді құрастыруын сұрау.

«Кім тез табады?»: берілген дыбыстан басталатын сөздерді тез айту.

## 2. Ойындардың айырмашылығы

Артикуляциялық ойындар сөйлеу бұлшықеттерін күшейтуге бағытталған, ал еліктеу ойындары баланы дыбыстарды дұрыс айтуға ынталандырады.

Фонематикалық ойындар есту арқылы ажыратуды дамытса, сөздік ойындар баланың тіл байлығын арттырады.

Әр ойынның мақсатына сәйкес оны белгілі бір жастағы балаларға немесе сөйлеу дағдысының деңгейіне қарай қолдануға болады.



### **Ата-аналарға кеңестер**

Ойындарды күнделікті енгізу:

Ойындарды күнделікті тұрмыста пайдалану баланың қызығушылығын арттырады.

**Жетістіктерді мадақтау:** Баланың әр жетістігін мақтап, өзіне деген сенімділігін арттырыңыз.

**Тұрақты қайталау:** Дыбыстарды дұрыс айту үшін жүйелі қайталау қажет.

**Мамандарға жүгіну:** Егер бала дыбыстарды айтуда қиындық көрсе, логопед маманының көмегіне жүгінген дұрыс.